

Ленин—Сталин

Іздемеймін жырға азық,
Архивтардан сөз қазып;
Шақырамын өлеңді,
«Ленин — Сталин» деп жазып.

Жырымда жоқ жат мінез,
Тізіледі тезбе тез, —
Бұйрық берген сықылды
«Ленин — Сталин» деген сөз.

Болдым үйір өлеңмен,
Сырлар тарттым тереңнен.
Артық жыр жоқ, сөз де жоқ
«Ленин — Сталин» дегеннен.

Кімге екеуін теңермін?!
Недеп баға берермін?
"Сталин барда — Ленин бар"
Демегенде не дермін.

Әлемге аңыз жыр болған
Екеуіндей кім болған?!
Есіткеннің, көргеннің
Көкрегіне нұр толған.

Тебірентіп жер бетін,
Көрсеткендей құдіретін,
Шығады халық көтеріп,
Екеуінің суретін.

Ақын қосса ән-күйге,
Ана қосқан әлдіге,
Ата болған сәбиге, —
Суреттері әр үйде. —

Сүйсінеміз, қараймыз,
Әкемізге балаймыз,
«Жақсы ұрпағы бола алсақ,
Деп ойлаймыз, — жараймыз!"

Күн маңдайлы кемеңгер
Ленинді «өлді» демендер,
Сталин барда — Ленин бар!—
Деп басталад өлеңдер.

«Ленин — Сталин» жыр басы,
Тебіреші, жырлашы,
Көңіл күйі тынбашы,
Қолда қалам зырлашы!